



*КМҚК «Нұр-Бобек» бобекжай - балабақшасы»*

Жобалық қуаты-150орын

Оқыту тілі – мемлекеттік тілде

Топтар саны -6

Кіші топ-1

Ортаңғы топтар- 1

Ересек топтар-2

Мектепалды топтары-2

Білімдері бойынша:

Педагогтер - 19 адам

Жоғары білімді -10 педагог

Арнайы орта білімді – 9 педагог

Басшы-ұйымдастырушы -1

Сарапшы-1

Педагог-модератор 9– педагог

Балабақшаның қолданатын инновациялық технологиялар мен әдіс-тәсілдері

1. Тәй-тәй

2. Денсаулық сақтау технологиясы

3. «STEAM» технологиясы

4. ӨТШТ (ТРИЗ)

5. М. Монтессори әдісі

2025-2026 оқу жылына балабақшаның жылдық  
мақсат-міндеттемелері

<i>Мақсат</i>	Әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, қауіпсіз және жайлы орта құру; біртұтас тәрбие және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту.
<i>Міндеттері</i>	<ul style="list-style-type: none"><li>- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;</li><li>- Дамытушы орта мен кеңістіктерді тиімді ұйымдастыру арқылы балалардың дидактикалық, еңбек және дербес іс-әрекеттерін дамыту;</li><li>- Ата-аналарға арналған консультациялық пункт қызметін тиімді ұйымдастыру</li><li>- Экологиялық мәдениет, құқықтық және қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру;</li><li>- Әр тәрбиеленушінің отбасымен «Беске дейін үлгер» қосымшасын пайдалана отырып серіктестік қарым-қатынас орнату;</li></ul>

**Жылдық жоспардың құрылымы:**

**I. Өткен жылғы жұмысты талдау**

**II. Жылдық міндеттерді шешуге бағытталған іс шаралар**

1. Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру;

2. Педагогикалық- ұйымдастырушылық жұмыс;

2-1. Тәрбие жұмысы;

3. Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас;

4. Орта білім беру ұйымдарымен өзара іс-әрекет;

5. Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауаттыру кезеңін ұйымдастыру бойынша жұмыс;

6. Бақылау;

7. Әкімшілік-шаруашылық жұмыс

## Өткен жылғы жұмысты талдау

### 1. Денсаулық пен салауатты өмір салтын қамтамасыз ету

Тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы	Орынадалған күндер: 44287, Науқастық күндер: 13241, Суық тиіп ауырған күндер: 6620 Жалпы науқас көрсеткіші: 6620, Аурудың пайыздық көрсеткіші: 15%
Жыл бойы балалардың ауруы	Ауыратын балалардың көрсеткіші 19,6 пайызды, суық тиіп ауыратын балалардың көрсеткіші 9,8 пайызды, ал қатысушы 80 пайызды құрайды.
Жұмыс істеген күндері бойынша салыстырмалы сандар	Балалардың балабақшада болу күндері 2024-2025 оқу жылы бойынша 57829 күн. Оның ішінде ауру көрсеткіштері 3,5 % құрайды.
Арнайы емдеу-профилактикалық жұмысты ұйымдастыру үшін денсаулық топтары бойынша жиынтық деректер	Көк тем-күз мезгілдерінде сауықтыру шаралары үшін иммунитеттерін жоғарлату, итмұрын жемістің тұнбасы мен шәрбеті қосылған «Фито шай» беріледі. Жылына 2 рет күз және көктем мезгілдерінде фито-шай мен «С» дәруменін беру
Сауықтыру жұмысын ұйымдастыру	<p>Тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту және сақтау, дене жаттығуларын жасауға қызығушылықтарын арттыру, қимылдау біліктерін жақсартуда дәстүрлі сауықтыру-шынықтыру шараларымен қоса ұйқыдан кейінгі дәстүрлі емес сауықтыру-шынықтыру шараларын: керексіз заттардан жасалған денсаулық кілемшелері арқылы, майтабандылықтың алдын алу жаттығуларын, кедір-бұдыр доптармен арқаны, алақанды, табанды ысқылау жаттығуларын, ароматерапия элементтерін пайдаланып жүйелі жүргізілді.</p> <p>Денсаулық сақтау негіздері мен жеке бас тазалық дағдыларын толық меңгеруге мүмкіндік жасалынды. Жаз айларында жалаң аяқ жүру, сусындар мен шырындар ішу, дене тәрбиесін таза ауада өткізіп, спорттық жарыстар, ойын сауықтар ұйымдастырылды.</p> <p>Төрт мезгіл тамақтанады, әртүрлі тағамдар дайындалып, мөлшері сақталып беріледі, нәрлік және құндылық сапалары сақталған.</p> <p>Балалардың денсаулығын сауықтыру және аурулардың алдын-алу үшін төмендегідей әртүрлі кешенді іс-шаралар жүргізіледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• танауларына оксалин майың жағу, сарымсақ алқасы;</li> <li>• ертеңгілік жаттығулар, спорттық мерекелер;</li> <li>• күн тәртібін сақтау;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• майтиандылықтан сақтану үшін денсаулық жолдары арқылы жүру, иелі доптармен укалау, суыққа төзімділіктерін дамыту үшін тұзбен шынықтыру;</li> <li>• жылына 2 рет күз және көктем мезгілдерінде фито-шай мен «С» дәруменін беру.</li> </ul>
<p><i>Шынықтыру</i></p>	<p>Физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады</p> <p>«Дене тәрбиесі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет дене тәрбиесі нұсқаушысымен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілді. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, денешынықтыру-сауықтыру шаралары (танертеңгі жағтығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады. Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық беру және балалардың дербес қимылды әрекетін танертең, таңғы астан соң, серуен кездерінде, ұйқыдан соң өткізу ұсынылды.</p> <p>Балалардың денсаулық құзыреттілігін қалыптастыруда, өз денсаулықтарына саналы көзқараспен қарауға тәрбиелеуде олардың қозғалыс белсенділігін дамытып және дене сапаларын қалыптастыруда сауықтыру мен шынықтыру шараларын жоспарлы және жүйелі жүргізудеміз. Сонымен қатар қаңтар айында «Қыс қызығы», ақпан айында «Әкем, шешем және мен» жанұялық спорттық жарыс және де «Шынықсаң шымыр боласың!», наурыз айында «Ұлттық ойындар», сәуір айында «Спорт ептілер мен мықтылар үшін!» ойын-сауық, мамыр айында «Денің сау болсын» ойын-сауықтар ұйымдастырылып өткізілді.</p>
<p><i>Рационалды тамақтануды ұйымдастыру</i></p>	<p>Азық-түліктермен балабақшаны қамтамасыз ететін жеткізушілермен келісім-шарт жасалынған. Барлық азық-түліктер тіркеледі және сапасын анықтайтын сертификаттары мен ветеринарлық анықтамалары бар. Балабақшада балалар жаз мезгілінде 4 рет, қыс, көктем, күз мезгілдерінде 4-рет толыққанды, әртүрлі ыстық тағамдармен тамақтандырылады. Үшінші тамаққа «С» дәрумені қосылады. Жыл мезгілдеріне сәйкес он күндік ас мәзірі бекітіліп жасалынған. Медицина қызметкері ай сайын тағамның құндылығына және мөлшеріне талдау жасап отырады. Ас блогында тоназытқыштар қондырғысы орнатылған, құрғақ азық-түліктерге және көкөністерге арналған қоймаларда азық-түліктер сақталынады, ыдыс жуу, өңдеу және дайындау бөлмелері талаптарға сай жабдықталған. Бөлмелер мақсатына қарай қалқалармен бөлініп, мақсатына қарай аймақтарға белгіленген.</p>
<p><i>Жаңадан келген балалардың бейімделу нәтижелері</i></p>	<p>Жаңадан келген балалардың бейімделу кезінде балабақшаның медбикесі, педагог-психологы және әдіскері бірлесіп, баланың қабылдау кезінде ата-анамен жұмыс жүргізіп, кеңес береді</p>

## 2. Мектепалды топ балаларының мектепте оқуға дайындық деңгейі:

<p>Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мектепалды топ балаларының қорытынды мониторингі</p>	<p>Балалардың білім деңгейлеріне мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпыға міндетті стандарты бойынша алған білімдері анықталып, жыл басында, ортасында және соңында мониторинг жасалынып отырады.</p> <p>Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша қорытынды даму мониторингінің көрсеткіші I деңгей – 0 % , II деңгей – 22 % , III деңгей -78% құрады.</p>
--------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

## 3. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелері

<p>Аттестаттау және біліктілігін арттыру</p>	<p>2024-2025 оқу жылында 13 педагог өз біліктіліктерін көтеруге сұраныс берді. 1 басшы ұйымдастырушы, 1 педагог сарапшы, 9 педагог-модератор санатын алды.</p>
<p>Педагогтердің әдістемелік көмекке өтінімдері (сауалнамаларды талдау, бақылау нәтижелері бойынша)</p>	<p>Балабақшаны педагог-мамандармен қамтамасыз етуде epbek.kz сайтында лауазымдық бос орындар жарияланып тұрады. Педагог-мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамыту үрдісінде жаңа технологияны және озық тәжірибені зерттеп, жетістіктерін өздерінің іс-тәжірибесіне пайдалану жолға қойылған. Педагогтерге дер кезінде көмек беріп, таланттарын ұштау, әдістемелік шеберліктерін жетілдіру, олардың ізденуіне мүмкіндік туғызу басты мақсатымыз. Педагогтердің біліктілігін арттырып, кәсіби білімін көтеру балабақшаның жоспарына сәйкес жүргізіледі.</p>
<p>МҚДҰ-дағы әдістемелік жұмыс жүйелер</p>	<p>Педагогтер құрамы жылдық міндеттерімізді негізге ала отырып, тақырыптар бойынша үлкен дайындық жұмысын жүргізді. Педагогикалық кеңестер дөңгелек үстел, пікір алмасу , іскерлік ойын, тренинг түрінде ұйымдастырылды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерін қызықтыда тартымды өткізу, тәрбиеленушілердің бойына рухани құндылықтарды сіңіре отырып, патриоттық сезімге баулу мақсатында заманауи технологиялармен ақпараттармен хабарлар болып, тәжірибе алмасу, үнемі ізденісте болып балабақшала семинарлармен кеңестер тәжірибе алмасу отырыстарын ұйымдастырылды.</p>
<p>Тәрбиелеу-білім беру процесінің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз</p>	<p>Мектепке дейінгі білім беру ұйымының жылдық жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы, базалық оқу жоспарындағы әрбір жас кезеңдеріне арналған оқу жүктемелері мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының ережелеріне сай жасалынған.</p>

<i>өмілуі,</i>	<p>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын іске асыру барысында ойын түрінде ұйымдастыру кезінде балалардың денсаулықты сақтау, тілдік-коммуникативті, танымдылық зерттеу дағдыларын, шығармашылық және әлеуметтік эмоционалдық дамуына бағытталған. Тәрбие білім беру процесінің тиімділігі балалардың жағымды көңіл-күйіне байланысты болады және жүргізілген жұмыстарының нәтижесі, өтілуі педагогикалық кеңесте, топтық және жалпы ата-аналар жиналыстарында каралып отырылады.</p> <p>Ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын дүниетанымы жоғары жан-жақты қалыптасқан қабілетті жеке тұлға тәрбиелеуге, ұлттық тәрбиені ұштастыра отырып, рухани және дене тәрбиесінің жетілуіне педагогтардың тәрбие беруде ықпалы зор. Тәрбиешілер балаларға берілетін білімнің сапалылығына, меңгеруіне жеңіл де тиімді болуына әртүрлі ойындар, көркем де әдемі көрнекіліктерді таңғажайып сәттерді, көптеген жағдайлар мен жаңашыл тәсілдерді енгізіп, білім алу қажеттілігін ынталандырады. Оқу-тәрбие жұмысында жеке тұлғаны адамгершілікке, ақыл-ойының және сана сезімінің жетілуіне, рухани байлығын және эстетикалық сезімінің дамуына қор жинақталуына жағдай жасалынған.</p>
<i>Мектепке дейінгі ұйымдағы аттестаттау</i>	<p>«Нұр-Бөбек» 2021-2022 оқу жылында мемлекеттік аттестаттаудан өтті. Өзін-өзі бағалау барысында төмендегідей жұмыстар іске асырылды: топтардың жалпы жағдайын бақылау, қызметкерлермен және ата-аналармен сауалнамалар жүргізу, құжаттарды талдау. Өзін-өзі бағалаудың ең негізгісі топтардың жалпы жағдайын бақылау арқылы іске асырылды. Өзін-өзі бағалау барысында күн тәртібінің сақталуы, тәрбиешілер мен мамандардың балалармен оқу тәрбие жұмыстарын жүргізу барыстарында дамытушы, дидактикалық, логикалық ойындарды, ойын әдіс-тәсілдері мен ойын жаттығуларын, ақыл ой және сөздік логикалық есептерді кеңінен қолданды. Педагогтардың күш-жігері балалардың өзін-өзі тәрбиелеуге қоршаған ортадан, табиғат құбылыстарынан, заттар әлемінен тәжірибе жасау барысында қабылдау сезімдерін оятуға бағытталған.</p> <p>Балабақшамызда педагог-мамандардың кәсіби шеберліктерін қалыптасыруға, шыңдауға бағытталған іс-шаралар (педагогикалық кеңестер, ашық оқу іс-әрекеттері, семинар, кеңес, тренингтер) өткізіліп тұрады. Барлық педагог-мамандардың кәсіби біліктілігін көтеріп, компьютерлік сауаттылықты меңгеріп отырады.</p>

#### 4.Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара байланыс:

<i>Ата-аналардың сауалнамасының</i>	Балабақша мен отбасында бір ізділік және серіктестік қарым-қатынаста жоспарланған іс-шаралар өткізілді. Ашық есік күндері, ойын-сауықтар, ата-аналарға арналған жалпы
-------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

<i>нәтижелері</i>	<p>жиналыстар, топ аралық жиналыстар, практикум, тренингтер, кенестер өткізілді. Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес «Баланың шығармашылығын дамытуда отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығы» дөңгелек үстел, «Бала мінезін тәрбиелеу мәселелері» іскерлік ойын, «Сауықтыру-шынықтыру шараларының баланың денсаулығына тигізер әсері» атты дөңгелек үстел түрінде жалпы ата-аналар жиналысы, «Бала денсаулығын сақтау басты мәселе», «Балаға дұрыс мінез-құлық қалыптастыруда ата-ананың рөлі» атты тақырыптарда дөңгелек үстел, «Балаңыз мектепке дайын ба?», ата-аналармен балабақшаның арасындағы ынтымақтастықты арттыру мақсатында ашық есік күндері ұйымдастырылып, ата-аналардың қатысумен ашық іс-әрекеттер өткізілді. Сауалнамалық жұмыстарының қорытындысынан балабақша мен отбасылық қарым-қатынас жоғары дәрежеде жүретіндігіне 78 пайыз көрсеткіштерінен байқауға болады.</p>
<i>Мектепке дейінгі ұйым мен жалпы білім беретін мектептің бірлескен жұмыс жоспарларының орындалуы</i>	<p>Білім беру және ғылым сапасына елеулі өзгерістер енгізіліп жатқан кезеңде мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш білім беру ісін жаңа сапалық деңгейде көтеру міндеті бүгінгі күннің көкейтесті мәселесі. Сондықтан білім саласының алғашқы сатысы болып, саналатын мектепке дейінгі ұйымдарда болашақ ұрпақтың дүниетанымын дамытуға, жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, сәбилік шақтан бастап жан-жақты дамуына жағдай жасау біздің басты талабымыз. Мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш сыныптың арасындағы сабақтастықтың негіздемесі; балалардың білуге деген қызығушылығын арттыру, балалардың өз бетінше шығармашылық тапсырмаларын орындай білуін, сонымен қатар интеллектуалдық және тұлғалық дамуына бағытталған қиялын, ойын, есте сақтау қабілетін арттыру, тілдік қарым-қатынасын дамыту барысында мектепалды топтарының тәрбиешілері мен педагог-мамандар өз міндеттерін атқаруда.</p>
<i>Басқа ұйымдармен жұмыс нәтижелері</i>	<p>Балабақша педагогтарының іс-тәжірибелерін тарату мақсатында «Ерте дамыту институты» «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық институты» республика бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институттарының курстарына қатысты.</p>
<i>Балалар іс-әрекеті</i>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Үркер» «Күз бояулары» «Менің Отаным» «Абай оқулары» «Қыс көрінісі» шығармашылық байқауларына қатысып жүлделі орындар иеленді.</li> <li>2. Күз мерекесіне арналған «Күз сыйлары», жаңа-жылға арналған «Қыс қызығы!» атты көрмелер ұйымдастырылып, ата-аналар жыл сайын белсене ат салысып, тастанды заттардан түрлі бейнелер жасап, балаларды қуантады.</li> <li>3. «Астана күні-2024» аудандық асфальтқа сурет салу байқауына ата-аналар балалармен бірге қатысты.</li> <li>3. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік тұғырым!» атты ата-аналар мен балалар челленджі ұйымдастырылды.</li> <li>4. Пәндік-дамыту ортасын жаңарту бойынша жұмыс:</li> </ol>

Кеңістіктік дамытушы орта орталықтары жаңа ойыншықтар, құрал-жабдықтар, көмекші құралдар және әдеби кітаптармен толықтырылды. Топта ДО қайта құру бойынша нақты ұйымдастырылған жұмыс - балалардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағымды әсер етті. Балалар үлкен белсенділік танытты, қызықты идеялар берді, ойындар мен құралдар дайындауға қатысты. Балалардың математикалық түсініктерін қалыптастыруға, сенсомоторикасын дамытуға, тілдерін дамытуға арналған үлестірмелі құралдарды тәрбиешілер қолжетімді материалдардан жасап, ДО молайтуға үлес қосты.

### 5.Әкімшілік-шаруашылық жұмыстың қорытындылары:

*Балалардың мектепке дейінгі ұйымда болуының материалдық-техникалық және медициналық-әлеуметтік жағдайлары*

Мектепке дейінгі ұйымда барлық топтар балалардың жас ерекшелігіне сәйкес құрал-жабдықтармен, жиһаздармен, оқу әдістемелік көрнекіліктермен заманауи үягіде жабдықталған және тәрбиеленушінің білім беру іс-әрекетіне қолайлы енуіне, баланы жан-жақты дамуына, белсенділігін, өзіне сенімділігін, шығармашылығын арттыруына ықпал ететін заттық-дамытушы орта қауіпсіздік критерийлеріне, педагогикалық және санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес құрылған. Сонымен қатар, ән-күй, медициналық кабинет, ашық спорт алаңы және балабақша ауласында балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған ойын алаңдары бар.

Балалардың ойын алаңдарында күммен ойнайтын орындар, көлеңкелі шатырлар, сюжетті-ойын құралдары бар, дене тәрбиесі алаңдарында балалардың өрмелеуіне, секіруіне, тепе-теңдікті сақтап жүруіне арналған құралдармен және жолда жүру ережесіне арналған алаңдармен жабдықталған. Сондай-ақ ас үйі, кір жуатын, кір үтіктейтін бөлмелері жыл бойы қызмет көрсетеді. Балабақша мұздатқыштармен, техникалық құрал – жабдықтармен, жиһаздармен, төсек әбзелдерімен, ойыншықтармен және әдістемелік көрнекіліктермен қамтамасыз етілген. Балабақшада 3 компьютер, оның 3 -і интернет желісіне қосылған. 7 телевизор, 1-музыкалық орталық, «Сикырлы қалам» оқу әдістемелік жинағы бар. Сонымен қатар педагогикалық үрдіс заманауи жабдықтармен және көрнекті құралдармен жабдықталған. Педагогтерді керекті әдістемелік құралдармен, нормативтік құжаттармен, нұсқаулармен, әдебиеттермен және мерзімді баспалармен толық қамтамасыз етіп отыр.

Мектепке дейінгі ұйымның аймағында экологиялық микроклимат құру үшін көгалдандырылып, гүлді алаңқайлар, экологиялық соқпақ, бұталар, жеміс және түрлі ағаштар, баубақша отырғызылған.

**Жылдық міндеттерді шешуге бағытталған іс-шаралар**  
**I. Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру**

	Бөлімдері / Аяқар	08	09	10	11	12	01	02	03	04	05	Ескерту
1	Біліктілікті арттыру курстарынан өту (сараланған тәсілді ескере отырып, педагогтердің әртүрлі сипаттары үшін)	Қажеттілігіне қарай										Менгеруші, әдіскер
2	Аттестаттауға дайындық және аттестаттау	Аттестаттаушы педагогтері жоспарлау	ПББ Тесттан өтуге дайындық - материалдарын жинақтауға кеңес беру			ПББ Тесттан өтуге дайындық - материалдарын жинақтауға кеңес беру					Өтініштер қабылдау	Менгеруші, әдіскер
3	Кәсіби шеберлікті арттыру мақсатында педагогтердің әдістемелік бірлестіктерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, вебинарларға, шеберлік сыныптарына және т. б. баруы	Қажеттілігіне қарай										Менгеруші, әдіскер
4	Педагогтердің өз білімін жетілдіруі		Барлық педагогтерге тұрақтылық	Ор педагогтің өз білімін арттыру жұмыстарын жоспарлау, бекіту		Тәжірибе алмасу		Тәжірибе алмасу		Тәжірибе тарту		Менгеруші, әдіскер

## 2. Педагогикалық ұйымдастырушылық жұмыс

	Бөлімдері / Айлар	08	09	10	11	12	01	02	03	04	05	Жауапты
2	Педагогикалық кеңестерді дабылдату және өткізу	ПК «Балабақша мен тәрбиешілердің жаңа оқу жылына дайындығы»			ПК «Дамытушы орталықтарда бала ойынымен ұйымдастырудың маңызы»		ПК «Оқу жылының бірінші жарты жылдығына саралануы»		ПК «Өз білімін жетілдіру бойынша жасалған тәжірибелік жұмыстардың маңызы»		ПК Жылдық оқу іс-әрекетін ең қорытынды саралануы	Менгеруші, әдіскер, педагогтар
3	Оның педагогикалық тәжірибесін зерделеу, жалпылау, енгізу, тарату		Жоспар құру, зерделеу	Тәжірибе алмасу, конкурс байқаулар ұйымдастыру			Тәжірибе алмасу, жылдық жоспарға сәйкес семинар ұйымдастыру			Тарату, оңат тәжірибелерін жинақтау, мақала жариялау, әдістемелік құрал әзірлеу		Жауапты педагогтар
4	Заттық-кейіпестіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру		Заттық дамытушы орталарды толықтыру		Барлық топтардың заттық дамытушы орталарына бақылау		Барлық топтардың заттық дамытушы орталарына бақылау		Барлық топтардың заттық дамытушы орталарына бақылау		Барлық топтардың заттық дамытушы орталарына бақылау	Әдіскер, педагогтар
5	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасау			Кіші топтар		Орталық топтар		Ересек топтар		МА топтар		Тәрбиешілер
6	Әдістемелік орталықтан ұйымдастырылған байқаулар	№514 бұйрық негізінде қажеттіліктеріне қарай	Әдіскер, шығармашылық топ мүшелері									
7	Кеңес беру		Әдістемелік нұсқау бойынша	Технологияларды		Ерекше білім беру балалармен		Кіші топ педагогтеріне		Заттық-кейіпестіктік дамытушы		Әдіскер





				үстіндегі челденді, ата-аналар арасында бейеремдік	туралы ата- аналарға арналған акция	арасында	жәрмеңке сі	өлең жарысы				
6	Конкурстар	Жоспарлы бекіту, бұйрық (збірлеу)	Тілдер күніне «Тілім-менің тірегім» МД топ балалары өлең жарысы		Патриоттық өлеңдер жарысы			«Сүйікті тақпағым»				Әдіскер, педагог-мамандар, тәрбиешілер
3	Көрмелер		«Күз кереметтері» колөнер көрмесі		«Ұлттық мұралар» көрме		«Қыс қызығы» көрме	«Көңілді көктем» көрме				Тәрбиешілер, ата-аналар
4	Шымықтыру-сауықтыру іс-шаралары		Көңілді таңғы жаттығу	«Шынықсан шымыр боласын» Ж4	«Тез, алға» эстафета Ж32	«Қысқы спартакиада» барлық топта	«Қысқы ойындар» Ж4	«Біз шымыр баламыз» Ж32	«Ұлттық ойындар» Ж5	«Спорт-біздің досымыз» Ж4	«Біргеміз, жеңіске жетеміз» Ж32	Ата-аналар, тәрбиешілер
5	Мерекелік ертегіліктер		«Тілдер күні» Ж5	«Республикаым менің» Ж45 Спорттық жарыс)		«Кел жанд жыл, жанд жыл» Ж2345			Халықаралық әйелдер күні, «Ұлыстың Ұлы күні» Ж2345		«Ұландар күні» Ж45, Балаларды қорғау күні	Музыка жетекшілері, тәрбиешілер
6	«Адал адамға» БТБ аясында апталақтар «Кәуіпсіздік он күндігі» тақырыбында көрсетілім, ойын-сауықтар әлеуметтік желіге жарияланымдар үшін		«Менің кәуіпсіз әлемім» байқауы	«Бәтен адамдардан сақтану»	«Өрт кәуіпсіздік ережелері»	Топтағы кәуіпсіздік	Ойын кезіндегі кәуіпсіздік	«Жолда жүру ережесі»	«Сутасқынан аң сақтану ережелері»	Жер сілкінісінен сақтану ережелері»	Ойын алаңындағы кәуіпсіздік ережесі	Әдіскер, тәрбиешілер
7	Тәрбиелеу-білім беру процесін психологиялық-педагогикалық қолдау:			МД топ балаларына диагностика жасу		«Ерекше білім беруші қажет ететін балалармен жұмыс» педагогтерге		«Балалардың жас ерекшелігіне сай дамуы»				Педагог-психолог Арнайы мамандар
8	Тәрбиелеу-білім беру процесін медициналық қолдау:		Жұқпалы аурулардың алдын алу		Сұрық тию ауруларының алдын алу		Сауықтыру-шымықтыру шаралары				Күн сәулесінен қорғау шаралары	Медбике

Төңірімді тамақтандыруды ұйымдастыру (ТТҮ)		ТТҮ Азық түлік сапасын, сақталу ережелерін тексеру			ТТҮ Тамақ құрамына жеткізілетін жемістерді шікі күйінде пайдалану			ТТҮ Тамақтандыруды ұйымдастыруды бақылау			Медбике
--------------------------------------------	--	----------------------------------------------------	--	--	-------------------------------------------------------------------	--	--	------------------------------------------	--	--	---------

### 3. Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас

	Бөлімдері / Айлар	08	09	10	11	12	01	02	03	04	05	Ескерту
1	Балалардың ата-аналарымен жұмыс		Ата-аналарға арналған сауалнама (педагог-психолог)	Ата-аналар жиналысы "Баланың толыққанды дамуы ата-ана мен балабақшаның еңбегінің нәтижесі"				Ата-аналар жиналысы «Баланың жас ерекшелігіне қарай дамуы кезінде қолданылатын ойын түрлерін ұйымдастыру дағы ата-ананың міндеті»		Ата-аналарға арналған қорытынды сауалнама (педагог-психолог)	Ата-аналар жиналысы «Баланың жас ерекшелігіне қарай дамуындағы өзгерістер мен ітерген біліктілік дәлелдері»	Менгеруші, әдіскер және педагог мамандар, тәрбиешілер
2	Ойын-сауық				«Отбасымен бірге шынығамыз» ЖЗЗ45		«Қысқа ойындар»			«Сыңа отбасының»		Менгеруші, әдіскер және педагог мамандар, тәрбиешілер
4	Ата-аналарды ақпараттық стендтерде, балабақшаның ресми сайтында түрлі мәселелер бойынша хабарлар ету	Ата-аналарға стендтерді хабарламалармен толықтыру		Ата-аналарға стендтерді хабарламалармен толықтыру				Ата-аналарға стендтерді хабарламалармен толықтыру			Жаз мезгіліне арналған хабарламалар рулар	Менгеруші, әдіскер және педагог мамандар, тәрбиешілер
5	Қамқоршы		Қамқоршы	Қамқоршы		Тұрысы				Балабақша		ҚК

	ак көнесті жұмыстары		ак көнесті мүшелерін сайлау	ак көнесті отырысында шешімдерді қабылдау		төмен отбасылардағы сұрақтары бойынша отырыс, тамақтану жұмыстары бойынша бракераж комиссия жұмысын талдау				нақ ішкі жағдайы туралы отырыс, тамақтану жұмыстары бойынша бракераж комиссия жұмысын талдау		мүшелері
6	Бракераж комиссия жұмысы	Жоспарға сәйкес тамаққа бақылау жүргізу, төкешен сайын бракераж комиссиясы отырысында анықтама толтыру, қамқоршылық көнесі отырысында оспен беру. Тамақтануды бақылау бойынша ата-аналардың пікірін тыңдау, сауалнама жұмысын талқылау										Мелбіне, бракераж комиссия мүшелері
7	«Әжелер мектебі»		Әжелер тобын құру		Құрт малтаудың пайдасы			Әжемнің ғибаратты әңгімесі			Әжемнің аялы алақаны	Шығармашылық топ, тәрбиешілер
8	«Әжелер мектебі		Әжелер тобын құру	Менің мамандығым»			Бауырыма қамқорлық			Достарды сыйлаймын		Шығармашылық топ, тәрбиешілер
9	«Аналар мектебі»		Аналар тобын құру			Анамын сәнді көйлегі			Анама ұқсап билеймін			Шығармашылық топ, тәрбиешілер
10	Жасыл балабақша жобасы «Экологиялық мәдениет»		Жасыл балабақша, экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыс барысын талқылау	Барлық топтарда табиғат бұрышын ұйымдастыру	1.Қыстап қалатын құстарға қамқорлық 2. Топ бөлмесіндегі гүлдерді күтіп, баптау	1.Ауа райын бақылау 2.Еңбек дағдылары, қар кесектерін жинау	1.«Ауладан қардан бейне жасау» акциясы 2.Қалдық заттардан жасалған ойыншықтар жәрмеңкесі	1.Суды, энергияны, үнемдеу акциясы. 2.Өалшыа заттар жинау	1.Гүл тұқымдарын сұрыптау, топта көкенистер тұқымын отырғызу 2.Маусымдық өзгерісті бақылау. Метонала ұйымдаст	«Гүл көшеттеріне және көкенистер және гүлдер отырғызу» акциясы	Көкенистерді күтіп, баптау (қажеттілігі нас)	Менгеруші, әдіскер, педагог-мамандар

11	Консультациялық пункті		Бұйрық шығару, құрамын шығару, жоспар құру	ЖП келген ата-аналармен жұмыс жоспарының талқылау	Жоспар бойынша іс-шаралар «Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді қосымшасы бойынша нұсқаулық жүргізу	Жоспар бойынша іс-шаралар «Беске дейін үлгер» қосымшасы арқылы іс-шаралар	Жоспар бойынша іс-шаралар	Жоспар бойынша іс-шаралар	Жоспар бойынша іс-шаралар «Беске дейін үлгер» қосымшасы арқылы іс-шаралар	Жоспар бойынша іс-шаралар «Беске дейін үлгер» қосымшасы арқылы іс-шаралар	Жоспар бойынша іс-шаралар «Беске дейін үлгер» қосымшасы арқылы іс-шаралар	Менгеруші және педагог-мамандар
----	------------------------	--	--------------------------------------------	---------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------	---------------------------	---------------------------	---------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------	---------------------------------

#### 4. Орта білім беру ұйымдарымен өзара іс-әрекет.

Бөлімдері / Айлар	08	09	10	11	12	01	02	03	04	05	Ескерту	
1	Қажеттілігіне қарай										Менгеруші, әдіскер және педагог мамандар, тәрбиешілер	
Мектеппен сабақтастық Педагогикалық үрдістің байланысы мен үйлесімділігін қамтамасыз ету, балалардың білімдерін мектепте сәтті жалғастыруға жағдай жасау.		МС Бірлескен жұмыс жоспарын талқылау	МС Ата-аналарға кеңес: «Отбасындағы баланы мектепке даярлау жолдары»				МС «Мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш сынып арасындағы сабақтастық» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел өткізу.				МС Мектепке баратын балаларды дәрігерлік тексерістен өткізу	Әдіскер Тәрбиешілер методстра

#### 5. Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша жұмыс

Бөлімдері / Айлар	08	09	10	11	12	01	02	03	04	05	Ескерту	
1											ЖС Мектепке дейінгі білім	Әдіскер Тәрбиешілер методстра

(әдістемелік ұсыныстарға сәйкес жүзеге асырылды. <a href="http://imf.kz/sites/imf.kz/uploads/docs/">http://imf.kz/sites/imf.kz/uploads/docs/</a> )		есеп									Беру ұйымдарында жалпы сауықтыру жұмыстарын жоспарлау
----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	------	--	--	--	--	--	--	--	--	-------------------------------------------------------

## 6. Бақылау

Бөлімдері / Айлар	08	09	10	11	12	01	02	03	04	05	Ескерту	
1 ҮІӨ, серуенді, таңғы жаттығуды бақылау (әдістемелік нұсқау хат негізінде)		Таңғы жаттығу ҮІӨ Серуен	Қажеттілігіне қарай даму жұмыстары нәтижесі бойынша жүргізіледі.									Менгеруші, әдіскер, мелбике
2 Тақырыптық				1				1				
3 Салыстырмалы және ескертпелі бақылау	Қажеттілігіне қарай											
5 Кешенді	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1		
4 Фронтальды	1	.								1		
5 Мониторинг		1				1				1		

## 7. Әкімшілік-шаруашылық жұмыс

Бөлімдері / Айлар	08	09	10	11	12	01	02	03	04	05	Ескерту	
1 Жөндеу жұмыстары	Қажеттілігіне қарай											Менгеруші, шар.менгерушісі
2 Дамытушы заттық-кеңістіктік органы жарактандыру және толықтыру	Қажеттілігіне қарай											Менгеруші, шар.менгерушісі
3 Қоғалдандыру, гүл отырғызу		.							+	+	Менгеруші, шар.менгерушісі	
4 Өндірістік жиналыс: (ӨЖ)						ӨЖ Қыс мезгіліндегі бала өмірін қорғау және сақтау ережелерімен таныстыру Сауықтыру			ӨЖ Жаз айларының е-ш іс-шараларының жос-мен таң-у Жаз кезіндегі азық-түліктің сапасы және тамақ-дың	Менгеруші Әдіскер, кәсіподақ төрайымы, шар.менгерушісі		

							және аурудың алдын алу жұмыстары туралы			ұйым-уы. алуан түрлілігі Кәсіподақ комитетінің жылдық есебі.	
	Әкімшілік жиналыс (ӘЖ)		ӘЖ Балалардың балабақшаны бейімделуі					ӘЖ Сауықтыру-шынықтыру шараларының орындалуы		ӘЖ Балалардың қауіпсіздік мінез-құлық дағдыларының қалыптасуы	Менгеруші Әдіскер
5	Балабақшаның материалдық қажеттіліктермен жабдықтау	Қажеттілігіне қарай									Менгеруші Әдіскер, кәсіподақ төрайымы, шар.менгерушісі